



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

свет книги академика К.Н.Аманниязова «Мангистау – отчий край» и «Туркмены Мангышлака».

Туркмены Казахстана уже на протяжении долгих лет живут на казахской земле, и считают себя частью казахского народа, так как испокон веков эти народы живут в добрососедстве и объединены общей историей, общей культурой. Туркменская диаспора Казахстана вносит посильный вклад в укрепление межнационального согласия и стабильности в стране, становление демократии и формирование казахского патриотизма.

Список использованных источников:

1. Электронный ресурс: <http://stat.kz/>
2. Электронный ресурс: http://www.inform.kz/ru/assambleya-naroda-kazahstana-vystupaet-kak-uspeshnyy-social-nyy-institut-gul-nara-annakulieva_a2768725http://gazetaingosh.ro
3. Этнографическая карта Казахстана (этнодемографический аспект).- Астана: РГП «Дом Дружбы – Центр по исследованию проблем межнациональных отношений», 2007.- 86 с.
4. База данных в табличной форме и в виде диаграмм международного проекта «Взаимодействие тюркских языков и культур в пост-советском Казахстане» <http://tyurki.weebly.com/>

ӘОЖ 821.512.122

КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жақсылықова Айдана Миращқызы

aidana.baby@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 5В021014- «Шетел филологиясы»

мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Жалмырза

Аударма ұғымының қолданылу аясы өте кең. Бір тілден екінші тілге поэзиялық және прозалық шығармалар, публицистикалық мақалалар, ғылыми әдебиеттер, ресми іс қағаздар, саяси және қоғам қайраткерлерінің, шешендердің сөйлеген сөздері, кинофильмдер аударылады; әр түрлі тілде сөйлейтін адамдар тіл табысу үшін аудармашылардың көмегін қажет етеді.

Аударма дегеніміз – бір тілде ауызша айтылған ой – пікірді, болмаса жазылған мәтінді тыңдаушыға, оқушыға екінші тілде, яғни оның ана тілінде түсінікті етіп жеткізу. Ал, әдеби немесе көркем аударма дегеніміз – бір тілде жазылған әдеби туындыны екінші тілдің құралдары көмегімен оқырмандарға жеткізу және түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету. Бұл жерде аудармадағы ең қиын – лингвистикалық ерекшелік емес, ал түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі. Көркем аударманың бүгінгі әдеби процестегі алатын орны үлкен. Аударма – жалпы әдеби үрдістің кең арналы саласы. Аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері де сусындай алады.

Халық арасындағы мәдени алмасулар, әдеби байланыстар олардың өзара танысуымен амалға асады. Оның тағы бір түрі – көркем аударма. Басқа тілде сөйлейтін басқа халықтың жан әлемін, оның мәдениетін, атап айтқанда, көркем әдебиетін аударманың көмегі арқылы танып-білуге болатындығын әртүрлі елдер халықтары қарым-қатынасының бүкіл тарихы растап береді. Көркем аударма – бір тілде жазылған шығарманы басқа тілдің құралдарымен дүниеге қайта әкелу нәтижесі, ал көркем аударма теориясы, іс жүзіндегі жанды тәжірибені зерттей әрі жинақтай келіп, осы үдерістің, яғни шығарманы дүниеге қайта әкелудің сипатын, сондай-ақ аударманың алдына қойылған міндетті орындайтын құралдардың сипатын

анықтаумен айналысады. Кез келген аударма бес қаруы бойында лингвистикалық дайындықпен жасалған мәтінге филологиялық талдаудан басталып, әдеби шығармашылықпен бітуге тиіс [1, 3 б.].

“Аударма мәдениеті үздіксіз өсіп келеді. Сонымен бірге, қазіргі бар аудармалардың өзінің де маңызын елемей, кемсітуге болмайды. Ондай пікірден қауіпті қорытынды шығып кетуі мүмкін. Аудару арқылы, тұтас алғанда, түпнұсқаның бар қасиетін беруге болмайды деу, сөйтіп, әдебиет жайындағы ғылым үшін көркем аударманың маңызын жоққа шығару – түпнұсқаның тілін екінші тілде бейнелеуге келмейтін әлдеқандай бір құпия жазу деп бағалағандық болар еді [2].

Қазақ аудармасын қапы қалдыратын жайдың бірі – сан түрлі себептерге байланысты туыстас тілдерден тәржімені де көп уақыт бойы орысшасы арқылы жасап келгендігіміз. Әрине, негізгі аударма орыс тілінен болғаны түсінікті. Соның ішінде орыс поэзиясынан басқалары – тәржімеден тәржімелеу. Егер біз тәржімеден тәржімелеуден атымен бас тартар болсақ, онда көп қазынадан құр қалар едік. Бұл тәсілден бас тартса орыс поэзиясы да жұтаң тартып тұрар еді. Ол тілдегі ең ғажап аудармалардың көбі классикалық дүниелердің жолма-жол тәржімесі арқылы жасалған. Бірақ солай екен деп алдағы кезде де Батыс, Шығыс поэзиясының асыл үлгілерін түпнұсқа тілін білмегенімізге бола орыс тіліндегі нұсқасынан ғана аударма беру де жарамсыз жол, түптің түбінде тұйыққа тірейтін тәсіл. Ол аудармаларды жасау барысында біраз дүние өзгеріске түскені, біраз нәрсенің жоғалғаны сөзсіз, сол орысшадан тағы аудару барысында жоғалту жалғаса беретіні тағы сөзсіз. Бұл – тым көп шығын.

Мәдениеттердің үнқатысуы аудармасыз жүзеге аспайтыны әр аударма түпнұсқаның жаңа байыптамасы болатындықтан ғана емес, мәселе әр аударма түпмәтінге жаңа өлшем алып келетіндігінде. М.Бахтин былай деген: “Өзге мәдениет *басқа* мәдениеттің көзімен қараған кезде ғана өзін толығырақ, тереңірек таныта алады... Бір мағына екінші, басқа мағынамен бетпе-бет келгенде өзінің терең сырын ашады: олардың арасында сол мәдениеттердің томаға-тұйықтығы мен біржақтылығын еңсеретін *үнқатысу* басталғандай болады” [3, 334 б.]. Толыққанды ұлттық әдебиеттің толыққанды аударма әдебиетінсіз кемеліне келмейтіні сондықтан.

Аударма қазақ даласында көне дәуірден жалғасып келеді. Түркінің “тілмаш” деген сөзінен орыстың “толмачы” шыққан [4, 72 б.]. Ұлы Жібек жолы аударма саласының да алмасу көпірі болды. Ал нақты көркем аудармаға көшкенде түркі халықтарына ортақ Алтын Орда дәуіріндегі аудармалар қатарында Сарай қаласынан шыққан ақын Сейф Сарайдың Сағдидің “Гүлстанын” XIV ғасырдың аяғында аударғаны айтылады. Тұрсынбек Кәкішевтің: “Алтын Орда дәуіріне біз түгелдей ортақпыз. Ал оның негізгі әдеби тілі – қыпшақ тілі болса, онда қазақ даласы мен тілі жетекшілік сипатқа ие болғанынан қашсақ та құтыла алмаймыз” [5, 31 б.] деген пікірінде ескерген жөн. Қазақ аудармасының бастапқы кезеңдерінде аударма, нәзира, қайта баяндау, еліктеу бір бірімен араласып жатады. Осылай аударманың балама түрлері, танымал шығарманы жаңа тілде жеткізудің жолдары болды.

Төл әдебиетіміздің өзіндік ерекшелігін ескере келіп, ауызша тарап жеткен көркем сөз мұраларымызды әдебиетіміздің тарихына жатқызамыз. Бізде ауызша аударма кезеңінен қалған ешқандай белгі жоқ. Алайда, тарихи мәліметтер, сондай-ақ халықтар арасындағы әрқилы байланыстардың есте жоқ ерте замандардан келе жатқанын пайымдау ауызша аударма жазу шыққанға дейін болған деп болжауға мүмкіндік береді [6, 52 б.]. Соның бірі – Абайдың ауызша аудармашылығы. Т. Нұртазиннің “Жер жүзі мәдениетін елге шашудың бір саласы ретінде Абай бұрынғы ертегі, қиссаның орнына сюжетті романдарды әңгіме етіп айтып береді, төңірегіндегі ақын-әншілер арқылы халыққа жаяды. “Шахнама”, “Рүстем-Дастан”, “Үш мушкетер”, “Жиырма жыл өткен соң”, т.б. Абай аузынан таралып, қырық елдің қиырына жайылып кеткен” [7] деген пікірі сөзімізге дәлел бола алады.

Қазақ әдеби аудармасында әлемдік тәржіме өнеріндегі әдіс-тәсілдердің барлығы дерлік кездесетіні назар аударарлық. Солардың арасында бұрыннан бары – бейімдей аудару (адаптация). Оның мәнісін Мұхаметжан Сералиннің “Айқапта” басылған “Рүстем-Зорапқа”

түсініктемесінен көруге болады: “Қадірменді оқушыларымыздың алдына салып отырған мына “Рүстем-Зорап” қиссасы фарсы тілінде жазылған атақты “Шахнама” деген кітаптың бір саласы. Рюккерт деген немістің бір шайыры “Рүстем-Зорап” қиссасын “Шахнама” деп алып, бір жағы тәжірибе, бір жағы ұйқастыру секілді қылып немісше жазған... Соны орыс шайыры Жуковский 1846-1847 жылдары өлең қылып, арттырып, кемітіп, қалыбына лайықты етіп істеп шығарған. Мен оны шамамның келгенінше қазақ тіліне Жуковскийдің шығарған қалыбынан дым алыстатпай аударуға тырыстым” [8, 212 б.].

Қазақ аудармасы да негізінен еркін аудармадан басталған. Ұлттық сөз өнеріндегі тырнақалды тәржімелер болғандықтан, оларда түпнұсқаның өлең өлшемі де, сөз саптауы да, тіпті көлемі де өзгеріп кетіп отырады, бірақ, аудармашы шығарманың айтар ойын дәл ұстайды, сөз түйінін де дәл табады. Жалпы, еркін аударманың ерекшелігі де алдымен авторды өз қалпынша қайта сөйлетуге емес, оның айтар ойын ғана жеткізуге күш салатындығында. Еркін аудармадан әріпшіл, яғни сөзбе-сөз аудармаға көшкен кезеңді толықтай кері кету деп санау жөнсіз. Әріпшіл аударма болмаса еркін аудармадан барабар аудармаға бірден секіріп өту мүмкін де емес еді. Осы арқылы өзге тілдегі туындыларға абайлап, ықтияттап қарауға көшу рецепцияның жаңа белесінің көрінісіне айналды. Саймасай аударманың жиырмасыншы ғасырда біржола орнығуына адамзат санасына нақтылықтың біржола кірігуі де үлкен себепкер болды. Қай салада да ғылыми дәлдік, қай тақырыпта да ауа жайылмай сөйлеу талап етілетін жаңа заман аударма өнеріне де өзіндік ықпалын тигізбей қоймады.

Эволюциялық тұрғыдан барабар (адекватты) аударма ең жоғары сатыда тұрғаны дәлелденеді. Барабар аудармада түпнұсқаның ерекшеліктері мен мазмұнын, оның тілдік пішінін аударма жасалатын тілдің құрылымын, стилін, лексикасы мен грамматикасын тілдің мінсіз дұрыстығымен үйлестіре отырып ескеру арқылы дұрыс, дәл және толық беру талап етіледі.

Жолма-жол аударманың көптеген кемшіліктерімен қатар даусыз бір артықшылығы бар, ол артықшылығы – түпнұсқадан тікелей жасалатындығы. Жолма жол (подстрочный) аударма мен жолына жол (строка в строку) аударманың арасын ашып алу керек. Жолма жол аударма деп түпнұсқаның мәтінін егжей-тегжейіне дейін, дәлме-дәл түсіріп беретін сөзбесөзге жақын аударманы айтамыз, ал жолына жол аударма – түпнұсқаның жолына тәржіменің жолы тап түсетіндей етіп аудару. Өлеңде жолына жол келтіре тұрып шебер шығару, жатық жеткізу болмайды емес, болады [9, 212 б.].

Тәржіменің түр-түріне тоқталғанда, көне тілдерден бүгінгі тілдерге, бір тілдің ескі нұсқаларынан қазіргі тілге аударуды айтқанда, бұл құбылыс бізге қатыссыз сияқты сөйлейтініміз бар. Қадым замандарда дүниеге келген фольклорлық шығармаларымызда қазіргі қазақтар түсінбейтіндей сөз кездеспейді, мұның өзі тілдің тазалығының, халықтың бірлігінің белгісі деп жатамыз. Негізінде, бұл ғылыми сипаттағы тұжырымға жата қоймайды. Бағзыдан жеткен дастандардың тілі бүгінгі әдеби тілімізден аумай тұрса, ол сол шығармалардың ауызша жеткенінің арқасы алдымен. Біздің фольклордың ғажайып көркемдігінің бір сыры да ғасырлар бойы айтыла-айтыла әбден ұштала-ұштала түскенінде, дамылсыз редакцияланғанында. Ол ұлы редактордың аты – халық. Бұл мұрамыз ғой, оны сол күйінде ғана айтуымыз керек қой деген ұғым болған жоқ ол кезде. Ал заманында тасқа кашалған, бертінде қағазға түскен халық мұрасын осы заманғы тілде қайта сөйлету дәстүрі бізде де бар.

Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық сана, дінге деген көзқарастың өзгеруі, сол арқылы бұрын жабық күйінде келген, әрі барғанда Академияның қолжазба қорында сақталған діни дастандардың, қиссалардың жариялануы ендігі жерде оларды ғылыми тұрғыдан қарастыруға мол мүмкіндік жасайды. “Бұл шығармалар Алтын Орда дәуірінде өзгеше өріс алған аударма-нәзіралық шығармаларға жатады. Белгілі ғалым Алма Қыраубайқызы Алтын Орда дәуіріндегі көркем әдебиеттің екі түрін атап көрсетіп, бірінші аударма-нәзіралық шығармаларға “Хұсрау-Шырын”, “Гүлстан”, “Қисса’с-үл Әнбия”, “Қисса Жүсіп”, “Нахж-үл Фарадис”, “Жұмжұма” кітабын жатқызса, екіншісі – тың тума әдебиет үлгісі деп “Мұхаббат-

наманы” атайды” [9].

Нәзіраның бойына тән белгінің бірі – оңайлату. Бүгінгі теорияның талабына салғанда, оңайлату (упрощение) жағымсыз жайға жатады. Автордың еркіне қол сұғылады, түпнұсқа қайта пайымдалады, сюжет, композиция өзгертіледі, стилистикалық құрылым жаңарады, т.б. Қазақ даласына тараған нәзіралық шығармаларға да осы белгілер тән. Ол кездегі басты мақсат бүгінгі тілмен айтқанда интеллектуалдық элитаның аз тобына лайықталған таза тәржіме жасаудан гөрі әлем әдебиетінің тың бояуларын, терең ойларын қалың бұқараға жеткізу еді. Бұл тұрғыдан нәзіра дәстүрі өзінің тарихи уәзипасын орындады деп айта аламыз.

Төл әдебиетімізде нәзіра дәстүрінде дүниеге келген шығармалардың үлкен бір саласы – прозалық туындыларды жыр тілімен сөйлету. Шынтуайтына келгенде, қазақ поэзия аудармасының өзіндік ерекшелігінің келісті көрінетін бір тұсы да осы. Бұл орайда зерттеуде Абайдың Лермонтов “Вадимін” өлеңмен аудару өнегесіне тиісінше көңіл бөлінеді. Прозаға өлеңдік нәзіраның біздегі әдемі үлгісін Шәкәрім жасаған. Оның “Дубровский”, “Боран” шығармалары осындай.

Бізге дастанның жанр ретінде әуелде сырттан сіңгендігі мәлім. Ал осы сіңісуде аудармаға тән белгілер болған ба? Болған. “Дастандық шығармаларды ел ішінен жинап, айтушылардан жазып алып, өзінше жөндеп баспаға жіберіп отырған бастырушылардың басым көпшілігі өз аттарын міндетті түрде мәтінге қосып отырған. Өз еңбегін олар былай бағалаған: жырладым, жаздым, шығардым, қазақшаға аудардым, қазақша жырладым, нәсірден назым еттім, көшірдім, т.б.” [10, 26 б.].

Бір тілден екінші тілге көркем аударма жасауға бола ма? Болмайды деген төңіректе тұтас теория тұрғызған авторлар да аз емес. Әрбір тұтас әдеби туынды, яғни идеялардың, сезімдердің, образдар мен стильдік ерекшеліктердің бүкіл жиынтығы басқа тілдегі ойлау жүйесімен талдап-түсінуге және жеткізуге көнеді. Аударманың күдіреті өлі тілдерді тірілтуінен-ақ танылып тұр. Көне еврей, көне грек, латын, ескі славян, ескі орыс тілдерінен жасалған аудармалар арқылы қаншама мәдени мұра адамзат игілігіне айналғаны жақсы мәлім. Тәржімешілер болмаса олардың бәріне де санаулы полиглоттардың, тіл мамандарының ғана қолы жетер еді.

Талантты шығарманы өзге тілде өз деңгейінде қайта туындатудың басты шарты – оқи білу. Талантты тәржімеші тек талантты оқырманнан шықпақ. Бұл ойды талантты қаламгер тек талантты оқырманнан шығады деп кесіп айтсақ, мұнымызбен таласуға да болар, арғы-бергідегі әлем әдебиетінен, өзіміздің төл сөз өнерімізден оқуға онша зауқы соқпаған, сонда да табиғат берген дарынымен талай шаруа тындырған дара дарындарды атауға да болар, шығармашылық дегеннің өзі кей-кейде сырын адам біліп болмайтын тылсым дүние екені мәлім, бірақ, көп оқымай, көп тоқымай аудармада асқар асулар алған адамды атау қиын. Әсіресе, өлең аудармасында ақындық қанатты қиял мен салқын ақылға салған парасатты пайым астасып жатуы шарт. Мұның өзі бір жағынан, аударманың шынайылығын шытынатып жіберетін шектен шыққан шабытшылдықтан сақтаса, екінші жағынан, көркемдікпен қонсы қонбайтын қарадүрсін дәлме-дәлдіктен сақтап тұрады. Аударматану қанша жерден жетістікке жетсе де, поэзия тәржімесі субъективизмнен ада-күде арылмайтындығы, тіпті арылмауға тиістігі талассыз. Сол субъективизм, түпнұсқадан кез келген алшақтаушылық объективті тұрғыдан өзін-өзі ақтап тұруы керек, олардың бәрі де аудармашы-ақынның қалауынан емес, екі тілдің арасындағы, екі мәдениеттің арасындағы, кейде тіпті екі өркениеттің арасындағы айырмашылықтардан табиғи туындауы қажет.

Аударма туралы еңбектерде шығарманың қалай аударылғанына көп көңіл бөлінетіні занды. Сонымен қатар, нені аудару деген қалай аударудан мәні еш кем түспейтін мәселе. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ өлең аудармасында мұны бүкіл әлем біледі, қадір тұтады, мұны аудармағанымыз ұят болады деген сыңайдағы, яғни, классикоманиялық таңдаудың бәрі бірдей сәтті шыға бермегенін айтуға тура келеді.

Алдағы кезде қазақ әдебиетіндегі нәзіра дәстүрі қазіргіден тереңірек зерттеледі деп сеніммен айтуға болады. Тәуелсіздік жылдарындағы бостан сана, дінге деген көзқарастың

өзгеруі, сол арқылы бұрын жабық күйінде келген, әрі барғанда Академияның қолжазба қорында сақталған діни дастандардың, қиссалардың жариялануы ендігі жерде оларды ғылыми тұрғыдан қарастыруға мол мүмкіндік жасайды. Эпос нәзирасы әдісімен туындаған діни дастандарда, ғашықтық қиссаларында аударманың өзіндік элементтері бар екені талас тудырмайды. Жалпы, нәзираның өзі жанр ретінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін жалғастырып жатқан, өз уақытының талап-тілегін өтеген жанрға жатады. Оның өзіндік табиғатын әлі де тереңдете зерттей түсу – алдағы күндердің міндеті. Аударма ұғымының өзі әр дәуірде әрқилы болғанын ұмытпауға тиіспіз. Демек, біздің әдебиетімізде өзіндік орны бар нәзира – өз кезіндегі аударманың функциясын белгілі бір дәрежеде атқарған, алайда көбіне көп бір шығарманың негізінде соған сарындас жаңа туынды жарату тәсілі.

“Евгений Онегиннің” халықтық нұсқалары — қай жағынан алып қарағанда да ғажап құбылыс. Халқымыздың жақсы десе жайылып түсетін жомарт жанын да, жаңалық атаулыны жатсынбайтын жүрегін де, өнер иесіне өзгеше құрметі мен өлең-жырға ыстық ілтипатын да, ең бастысы – қажет деп тапқан тұсында ұлттық менталитетін ішінара өзгертуге қабілеттілігін де осы “Евгений Онегиннің” халықтық нұсқалары анық айғақтай алады. Қазақтың жан дүниесі нағыз евразиялық санаға бейімдігін кемел көрсететін нақты мысалдың бірі де міне осы.

Аударма өнерінің тілді байытуын тек тәржімеленген туындылардың мәтінен ғана іздей беруге болмайды. Аударманың әсер-ықпалы бәрінен бұрын семантикадан таралады. Мысалы, қазақта күңгірт деген сөз баяғыдан бар, көңіл деген сөз де баяғыдан бар, бірақ күңгірт көңіл тіркесін алдымен Абай қолданған, алдымен аудармада қолданған. Осындай жолмен келген фразеологизмдер, перифраздар, метафоралар, т.б. көркемдік құралдар аз емес.

Тәржіме арқылы өлең құрылысының өзгеріске түсуі де қызғылықты тақырыптардың бірі. Шығарманың уәзінін сақтау – поэзия аудармашысының шын шеберлігін көрсететін басты белгілердің қатарында қарастырылуға тиіс. Тәржіменің қазақ өлеңінің ұйқас жүйесіне ықпалы жан-жақты сөз етілді. Абай аудармалары арқылы алғаш рет көрінген шалыс ұйқастың қазақтың төл ұйқасына айналып кеткені жақсы мәлім.

Көркем аудармаға, әсіресе поэзия аудармасына қайталамалық феномені тән. Мұндай аудармалар әр ақынның өз ерекшелігін әр аудармашының өз ерекшелігі арқылы ашуымен бағалы. Түпнұсқаның әрбір жаңа байыптамасы тәржімелік тәжірибені байыта түседі де, дәстүрді қалыптастырады, келесі буынның аудармашылары енді сол дәстүрге арқа сүйейтін болады.

Орыс әдебиеттанушыларының еңбектерінде жиі айтылатын мәселенің бірі – жолма-жол аударма. Бұл ұлттық поэзиямыздың үздік үлгілерін орыс тіліне, сол тіл арқылы басқа тілдерге аударатын тұстарда алдан жиі шығатын жай. Қазақ ақындарының алдынан мұндай қиындық шығып көрген емес. Аудармаға араласқан қазақ қаламгерлерінің қай-қайсысы да орыс тіліндегі туындыларды емін-еркін түсіне бастағанына кем қойғанда бір ғасырдай болып қалды. Енді бұл мәселе қайта көтеріледі. Ағылшын тілін емін-еркін түсінетін адамдар қанша көбейгенімен, олардың арасынан ақындық дарын иелері таяу арада соншама көп шыға қоймайтыны анық. Қаласақ та, қаламасақ та, англо-американ мәдениетінің басқа ұлттық тілдерге аударылуда басымдыққа ие болатыны, ал өзге тілдер мен мәдени дәстүрлердің адамзат жасаған қазынаға үлес қосуы негізінен ағылшын тіліне аударылу арқылы жүзеге асатыны шығар күндей шындыққа айналып барады.

Қазақстан Республикасында үш тілділік тұғырнамасы мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген, ел халқының үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар игеруі адамзат жасаған білім мен мәдениет қазынасына еркін қол жеткізудің, ұлт ретінде шынығып-шираудың, Отанымыздың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылуының бір шарты деп қарастырылып отырған бүгінгі таңда аударма – шын мәнінде жас мемлекетіміздің жаңа ғасыр сынақтарына лайықты төтеп беруінің бір тетігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ларин Б. Теория и критика перевода. Л., 1962, 3-бет.

2. Оболенская Ю.Л. Художественный перевод и межкультурная коммуникация. М., 2006, 5-бет.
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., 1979, 334-335 беттер.
4. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В четырех томах. СП. “Азбука”, 1996. Т. IV, 72-бет.
5. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994, 31-бет.
6. Алексеева И. Введение в переводоведение. М.-С-П., 2006
7. Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті //Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы,1986
8. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986, 212-бет.
9. Абдрахманов С.Төлтума мен телтума. - Астана : Елорда, 2007. - 464с.
10. Қасқабасов С., Әзібаева Б. Бабалар сөзі. 1 том. Астана,2004.

ӨОЖ 398.5=811.512

ШУМЕР-ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМДАРЫНЫҢ ДІН САНАТЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Зейн Зейнара Зейновна

zeynarazeyn@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 5B021200- «Түркітану»

мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Шалдарбекова

Тарих сахнасынан көрінген ежелгі тайпалар мен бірлестіктер - өмір атты теңізде уақыт ағысымен жүзіп, болашақ ұрпаққа өмірлік сабақ пен сарқылмайтын рухани байлықты жеткізетін, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын алтын көпірі іспетті. Кез-келген халықтың тарихы алдымен, оның дүниетанымынан бастау алады. Дүние жаратылысынан бері бірінің орнын бірі басқан тайпалардың дүниетанымдық көзқарастары да, өмір сүру салты да, ой санасы да бір негізде өрбиді. Ғалымдардың қыл қалам туындысына, зерттеу нысанына айналған тайпалардың шығу тегі мен дүниетанымы туралы тозбайтын тақырыбы бүгінгі таңда өз маңызын жоймақ емес. Сондай тақырыптардың бір негізі ретінде шумер және түркі халықтарының дүниетанымдарын діни тұрғыда қарастыру зерттеу жұмысының басты **нысаны** болмақ.

Қос өзен аралығын мекен еткен алғашқы өркениеттің үлгісін жасаушы шумерлер мен Еуразия құрлығында қағандық еткен түркілердің арасындағы уақыт алшақтығына назар салмай, екі халықтың дүниетанымдарын салыстырудан біртектілікті аңғару қиынға соқпайды. Зерттеу жұмысының негізгі **мақсаты** да осында жатыр, екі халықтың дүниетанымдарын салыстыру арқылы дін санатындағы ұқсас белгілерін табу және әлемдік діндермен параллельді ортақтығын анықтау. Себебі, шумерлердің Месопотамия ойпатынан Алдыңғы Азияға қоныс аударуы мүмкін деген болжамының болуы, екі халықтың мәдени байланысын аңғартады. Демек, түркілер әр түрлі этнонимді алып жүрген, 20-30 мың жыл бұрын өмір сүрген ежелгі халық болып табылады. Шумерлер мен түркілердің әлемнің, адамның жаратылысы, адамзаттың наным – сенімі, өмір мен өлімнің алмасуы, өмірдің заңдылықтары мен оның құрылымы туралы жалпы айтқанда, олардың дүниетанымдарының қазіргі таңға дейін рухани құндылықтарды дәріптеудегі орны **өзекті** болып табылады. Бұл мәселені **зерттеуде** А.Бахтидің «Шумеры, скифы, казахи», С.Крамердің «История начинается в шумере», А.Аманжоловтың «История и теория древнетюркского письма», А.Бисекбаевтың «Көне түркі мифтері», О.Сүлейменовтың «Аз и Я», К.Лайпановтың «Тюркский мир: истоки и связи» кітаптары негізге алынды. Аталған авторлардың еңбектері салыстырмалы әдіс арқылы жан-жақты сараланып, Інжіл мен Құран Кәрім секілді